

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# ФОЛЬКЛОРТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ СӨЗДІГІ

АЛМАТЫ, 2020

УДК 398  
ББК 82.3  
Қ 17

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі басуға ұсынған

**ҚР БҒМ Ғылым комитетінің АР05132868 «Қазақ фольклортануының  
терминдер сөздігі: инновациялық тәсілдеме және жаңа бағыттар»  
гранттық жобасы аясында дайындалған  
(мем.тіркеу №0118РК01300)**

**Редакция алқасы:**

Қасқабасов С.А., Матыжанов К.І., Әзібаева Б.У., Әлбеков Т.К., Керім Ш.Т.,  
Қоңыратбай Т.Ә., Рақыш Ж.С., Ыбыраев Ш.Ы.

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор **А.С. Исмақова**  
филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

**Ш. Құрманбайұлы**

**Қ 17** **Фольклортану терминдерінің сөздігі** / Жауапты редакторы  
Ж. Рақыш. – Алматы: Brand Book, 2020. – 272 б.

ISBN 978-601-08-0088-5

Фольклортану терминдерінің сөздігінде қазақ фольклортануы сала-сында қолданыстағы ұғымдар мен терминдердің жанрлық табиғатына сипаттама жасалған. Сөздік қазақ фольклортануының өзекті теориялық мәселелері жайында түсінікті кеңейтуге мүмкіндік береді.

Кітап фольклортанушыларға, әдебиеттанушыларға, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына, студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға арналған.

**УДК 398  
ББК 82.3**

ISBN 978-601-08-0088-5

© М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты, 2020

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ фольклортану терминдерінің сөздігін құрастыру қажеттілігі отандық терминология мен осы ғылым саласының қазіргі даму деңгейіне байланысты туындады. Фольклортану терминологиясын зерттеуге арналған арнайы еңбек болмағанмен, фольклортану саласындағы іргелі зерттеу еңбектерінде мол материал жинақталған. Қазақ фольклоры жөніндегі зерттеулердің көпшілігінде жаңа терминдер мен ұғымдар ұсынуға әрекет жасалды. Ұлттық фольклортану ұғымдары мен терминдеріне сараптама жасау арқылы отандық фольклортану ғылымының жетістігі мен мүмкіндігін бажайлауға болады.

Қазіргі таңға дейін фольклортану терминдерінің мол қоры қалыптастып, қолданысқа түсті. Фольклортану ғылымының филологиялық пәндер қатарындағы орны, фольклор туралы түсінік, ерекшелігі, дәстүрге негізделіп, ауызша таралуы, халық жадында сақталуы сияқты белгілері айқындалды. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі фольклор жанрларын жүйелеу ұстанымдары, фольклорлық талдау әдістемесі, жекелеген жанрларды зерттеу мәселелеріне салыстырмалы талдау жасалды.

Ұлттық фольклортану ғылымында кездесетін ұғымдарға қатысты ғылыми терминдерді жүйелеп, бірізділікке түсіру, бір ұғымға қатысты жарыса қолданылған бірнеше терминнің ең ұтымды жасалғанын іріктеп алу арқылы ғылымның қазіргі кезеңдегі талаптарына жауап беріп, жетістіктерін дәл бейнелей алатындай фольклортану терминдерінің жаңа сөздігін – фольклортану терминдерінің базасын жасау міндетке алынды.

Қазақ фольклортануының пәнсөздерін реттеу, үйлестіру, қалыптастыру мақсатында осы ғылым саласындағы әртүрлі кезеңдегі фольклортанулық зерттеулер мен еңбектер қарастырылды. Фольклор терминдері жөнінде алғаш құнды пікір айтқан Шоқан Уәлиханов қазақ халық поэзиясының жанрлық түрлерін (жыр, жылау өлеңі, қайым өлең, қара өлең, өлең, т.б.) жүйелеп көрсеткен. В.В. Радлов өзі жинаған фольклорлық шығармаларды қара сөз, кітаби өлең, өлең, қара өлең, қайым өлең, бақсының сөзі, жыр, ертеке деп атаған.

Алаш қайраткерлерінің бастамасымен өткен ғасырдың басында термин жасаудың әдістемелік негізі қаланды, бірнеше сала бойынша алғашқы төл оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазылды, қазақ терминологиясын дамыту мен қалыптастырудың ұлттық қағидаттары айқындалды. Қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салған, ұлттың ғылыми терминологиясын қалыптастырушы Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ғылыми тұрғыда негіздеп, анықтап, қолданған әдеби терминдердің біразы фольклортануда да термин

ретінде орныққан. Халел Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» еңбегінде фольклор жанрлары топтастырылды.

Қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған бағыттары Кеңес үкіметінің әміршіл жүйесі тарапынан күшпен өзгертіліп, терминологиялық жұмыстардың бағытын жергілікті ұлт кадрлары емес, орталық белгіледі. 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының бірінші съезінде Елдес Омарұлы жасаған баяндама негізінде пән сөздерін қазақша жасау жөніндегі ұсыныс жалғасын таппады. 1935 жылы профессор Қ. Жұбанов ұсынған қазақ терминологиясының жаңа қағидаттары негізінде интернационал терминдерді өзгертпей алу дәстүрі орнықты. 90-жылдарға дейін ғылыми терминологияның ұлттық сипатын арттырудан гөрі кеңес халқына ортақ терминологиялық қор құру мақсат етілді.

Әдебиет теориясы саласында А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, З. Ахметов, З. Қабдолов еңбектерінде де көптеген фольклортану терминдеріне сипаттама, анықтама берілген.

Мұхтар Әуезовтен бастау алатын фольклортану саласындағы зерттеу еңбектері мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жазған ұжымдық монографияларда осы ғылым саласының негізгі терминдер қоры қалыптасты. Фольклортану ғылымының ұлттық бағытта өркендеуі пән ұғымдарының атауынан танылады. Қазақ фольклортану ғылымында қолданыстағы терминдердің басым көпшілігі – ұлттық терминдер. М. Әуезов, С. Сейфуллин, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Б. Уақатов, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, Б. Әзібаева, Е. Тұрсынов, А. Сейдімбек, К. Матыжанов, Т. Қоңыратбай, Б. Рақымов, Ш. Керім ұсынған термин-атаулар ғалымдар тарапынан жаппай қолданылып, қазіргі фольклортану ғылымының метатілін, терминдік қорын байытып отыр. «Қазақ халық әдебиеті», «Бабалар сөзі» сияқты фольклорлық шығармалар қамтылған жинақтарда фольклортану терминдері дамуының кезеңдік сипаты көрінеді.

1962 жылы филология ғылымдарының кандидаты Ғали Әбетов құрастырған «Әдебиеттану терминдерінің орысша-қазақша қысқаша сөздігіне» жеті жүзден астам кірме термин мен қазақтың елу бір төл термині енген, оның қырық төрті фольклортануға тікелей қатысты. Бұл еңбек әдеби терминдерді жүйелеп, мәнін түсіндіріп, бірсыпыра терминдерге қазақша нақты балама қолданған алғашқы сөздік болды. Сөздікте фольклорлық шығарманың тіліне, сюжеті мен композициясына қатысты ұғымдар мен терминдерге анықтама берілді.

Еліміз тәуелсіздік алған кезеңде академик Әбдуәлі Қайдар ұсынған қағидаттар бойынша ана тілінің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалану арқылы жаңа терминдер жасап, тілімізге орыс тіліндегі қалпын сақтап

қабылданған кейбір кірме терминдердің орнына қазақша баламалар ұсыну немесе оларды ұлт тілінің фоно-морфологиялық заңдылықтарына сәйкес бейімдеп қабылдауға айрықша мән берілді. Қазақ фольклортану терминологиясының ғылыми негізде қалыптасуына әсер еткен де осы факторлар болды.

Академик З. Ахметов пен Т. Шаңбаев 1998 жылы құрастырған «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» әдебиеттану ғылымының негізгі ұғымдары мен терминдері жүйеленіп берілді. Отандық әдебиеттану саласында энциклопедиялық терминдер сөздігін жасау 1999 жылы қолға алынды. «Қазақ әдебиеті» атты энциклопедиялық басылымда фольклортануға қатысты сексен термин қамтылса, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында, «Түркістан» халықаралық энциклопедиясында кейбір фольклортану терминдеріне түсінік берілген.

Шетел тәжірибесінде фольклортану (оның ішінде мифология) мен этнографиядағы терминдер жүйесіне арналған еңбектерді («Свод этнографических понятий и терминов», «Мифологический словарь», ред. Е.М. Мелетинский), Н. Петровтың орыс фольклоры терминдерінің электронды сөздігін, В.П. Ойношев құрастырған Алтай халықтарының этнографиялық және фольклорлық ұғымдар мен терминдердің қысқаша сөздігін атауға болады.

Ұлттық фольклортану сөздігін әзірлеуде шетелдік (орыс) фольклортану ғылымындағы ғылыми-теориялық және әдістемелік тәжірибе және ұлттық ғылым саласындағы теориялық ізденістер, іргелі зерттеулер мен жекелеген ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Сонымен қатар сөздікті құрастыру барысында А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, К. Мұсаев, Ә. Қайдар, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбаев, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов, А. Қоңырова, Қ. Айдарбек, С. Құлманов, т.б. тілші ғалымдардың терминологиялық сөздікті жасау принциптері, арнаулы сөздікті түзудің әдістемесі жөніндегі еңбектерінде айтылған ой-пікірлері басшылыққа алынды.

Қазақ фольклортану саласында қолданылатын терминдер мен фольклортану ұғымдарының пайда болу жолдары мен тарихы ұлттық фольклортану тарихымен тікелей байланысты. Ұлттық фольклортану саласында төл терминдер мен түркі халықтарына ортақ терминдер басым болып келеді, ал орыс тілі арқылы өзге шет тілдерінен енген терминдердің үлес салмағы азырақ. Дегенмен, фольклор жанрлары негізінен ұлттық терминдер болса, жалпы фольклортанулық ұғымдар мен түсініктердің интернационал терминдерден құралатыны аңғарылады. Фольклортану терминдерінің сөздігін түзуде терминдерді сұрыптап алу, терминдерді беру тәсілдерін меңгере отырып, қазіргі фольклортану ғылымында қалыптасқан терминқор негізге алынды, бірнеше терминнің бір жанрдың маңына топтасып синоним ретінде қолданылатыны

да айтылды. Сөздікте отандық және халықаралық фольклортану саласында қалыптасқан ұғым-түсінікке байланысты кейбір материалдар пайдаланылды.

Ұсынылып отырған сөздікте фольклортану саласындағы пән сөздерінің негізгі даму кезеңдері мен бағыттары жөнінде мағлұмат беру мақсаты көзделді. Фольклортану саласының пән сөздері іріктеліп, реестрге алынды. Сөздік фольклортану терминдерінің пайда болу, жасалу жолдарын, қалыптасу тарихын, осы сала терминологиясының бұрынғы және қазіргі жағдайын, зерттелуін көрсетеді. Сөздік құрылымында таңдап алынған фольклортану терминдеріне ғылыми түсініктеме жазылды, талдамалық негіздеме берілді. Пән сөздеріне жазылған мақалалар материалдың қамтылуы, зерттелуі бойынша әрқилы. Сол себепті әрбір терминге жазылған сөздік мақала көлемі де бірдей емес.

Сөздік құрастыру барысында пайдаланылған материалдар мен әдебиеттер тізімі жасалды. Сөзтізбе кітап соңында берілді. Сөздікте ұлттық фольклортану терминологиясының қалыптасу кезеңдеріне қысқаша сипаттама беріліп, іргелі зерттеу еңбектер мен монографияларда қолданылған терминдер сарапталды. Белгілі бір фольклортану терминінің танымал нұсқасына сөздік мақала жазылып, әліпби тәртібімен жарыспалы нұсқасына сілтеме жасалды. Кірме терминдердің алғашында қай тілден шыққаны, қандай мағына білдіргені көрсетіліп отырды. Реестрдегі (тізілімдегі) бір жанрлық түрден туындайтын терминдер топталып берілді.

## МАЗМҰНЫ

<p><b>Алғы сөз</b> ..... 3</p> <p><b>Фольклортану терминдері мен ұғымдары</b> ..... 7</p> <p>Айтушы ..... 8</p> <p>Айтыс ..... 9</p> <p>Ақын ..... 13</p> <p>Албасты ..... 14</p> <p>Алғыс ..... 17</p> <p>Анеқдот ..... 18</p> <p>Аңыз ..... 18</p> <p>Аңыздық проза ..... 19</p> <p>Арбау ..... 20</p> <p>Архаикалық эпос, көне эпос..... 21</p> <p>Аушадияр ..... 22</p> <p>Ауызекі әңгіме ..... 24</p> <p>Ауыз әдебиеті ..... 25</p> <p>Айдаһар ..... 25</p> <p>Ат бейнесі ..... 29</p> <p>Әлпештеу фольклоры ..... 31</p> <p>Ән өлең ..... 32</p> <p>Әңгіме ..... 32</p> <p>Әпсана ..... 37</p> <p>Әскери дастан ..... 38</p> <p>Бақсы сарыны ..... 38</p> <p>Балалар фольклоры ..... 40</p> <p>Басылым..... 40</p> <p>Бата ..... 41</p> <p>Батырлар жыры ..... 42</p> <p>Батырлық ертегі ..... 44</p> <p>Бөдік ..... 45</p> <p>Бесік жыры ..... 46</p> <p>Беташар ..... 47</p> <p>Вариант..... 49</p> <p>Версия ..... 50</p> <p>Ғашықтық дастан ..... 52</p> <p>Ғашықтық жыр ..... 55</p> <p>Ғибраттық ертегі ..... 60</p> <p>Дастан, дастандық эпос ..... 60</p> <p>Дидактикалық фольклор..... 64</p> <p>Діни дастан ..... 65</p> <p>Ертегі ..... 68</p> <p>Естірту ..... 68</p>	<p>Жалмауыз кемпір ..... 70</p> <p>Жануарлар туралы ертегі ..... 72</p> <p>Жаңылтпаш ..... 73</p> <p>Жарапазан ..... 74</p> <p>Жар-жар ..... 75</p> <p>Жариялаушы ..... 78</p> <p>Жәрдемші кейіпкерлер ..... 79</p> <p>Жезтырнақ ..... 80</p> <p>Жерлеу ғұрып фольклоры, азалау фольклоры ..... 81</p> <p>Жеткізуші, таратушы ..... 83</p> <p>Жинаушы ..... 84</p> <p>Жоқтау ..... 85</p> <p>Жұмбақ ..... 87</p> <p>Жыр ..... 90</p> <p>Жырау ..... 91</p> <p>Жыршы ..... 93</p> <p>Жыршылық өнер ..... 94</p> <p>Инвариант ..... 95</p> <p>Инициация ..... 96</p> <p>Кәсіпке қатысты фольклор ..... 97</p> <p>Кейіпкер, қаһарман ..... 98</p> <p>Контаминация, фольклорлық контаминация ..... 98</p> <p>Көне эпос ..... 99</p> <p>Көпнұсқалық ..... 102</p> <p>Көшпелі сюжет ..... 104</p> <p>Көшіруші ..... 105</p> <p>Күй аңызы ..... 106</p> <p>Күлдіргі әңгіме ..... 108</p> <p>Қаламақ ..... 110</p> <p>Қанатты сөз ..... 111</p> <p>Қара өлең ..... 112</p> <p>Қарғыс ..... 112</p> <p>Қару-жарақ ..... 113</p> <p>Қасқыр бейнесі..... 122</p> <p>Қаһармандық эпос ..... 123</p> <p>Қиял-ғажайып ертегі ..... 127</p> <p>Қор, қолжазба қоры ..... 128</p> <p>Қуырмаш ..... 129</p> <p>Қыз бен жігіт айтысы ..... 131</p> <p>Магиялық фольклор ..... 132</p> <p>Мазақтама ..... 133</p>
---	---

Мазмұн .....	134	Тарихи эпос .....	205
Майлау жырлары .....	135	Тәмсіл .....	208
Мақал-мәтел .....	136	Терме .....	209
Маусымдық ғұрып фольклоры ..	137	Термин .....	209
Мәпелеу жырлары .....	137	Тойбастар .....	210
Мәтін .....	139	Толғау .....	211
Мәтінтану .....	144	Топонимдік фольклор .....	213
Миф .....	147	Тұсау кесу жыры .....	215
Мифологиялық бейнелер .....	148	Түс жору .....	216
Мифологиялық мектеп .....	153	Түсініктеме .....	217
Мотив .....	154	Тыйым сөздер .....	218
Музыкалық фольклор .....	155	Уату-алдарқату жырлары .....	218
Музыкалық этнография .....	157	Ұзату салт өлеңі .....	219
Мысал айтыс .....	158	Үббе .....	220
Мысал өлең .....	159	Үйлену фольклоры.....	222
Нақыл .....	160	Фольклор .....	223
Некеқияр .....	160	Фольклордың дәстүрлілігі .....	229
Ойын өлеңдері .....	161	Фольклордың көпқабаттылығы (полистадиялылығы).....	230
Отбасы ғұрып фольклоры .....	163	Фольклордың қоғамдық қызметі .....	231
Өлең .....	163	Фольклордың тарихилығы .....	232
Өлеңші .....	164	Фольклордың ұжымдығы .....	234
Өсиет сөздер .....	164	Фольклордың халықтығы .....	234
Өтірік өлең .....	165	Фольклоризм .....	236
Перілер .....	167	Фольклорлық мәтін .....	238
Поэтика .....	168	Фольклор синкретизмі .....	238
Прозалық фольклор .....	169	Фольклор типологиясы .....	240
Саз .....	169	Фольклортану .....	241
Сал-сері .....	170	Фольклортанушы .....	242
Салт .....	174	Хат-өлең .....	243
Самұрық құс .....	177	Хикая .....	244
Санамақ .....	178	Хикаялық дастан .....	245
Сарын .....	180	Хикаят .....	248
Сатиралық ертегілер .....	180	Шағын жанрлар .....	250
Саусақ ойындары .....	181	Шежіре жырлар .....	251
Сәбилік ғұрып жырлары .....	182	Шешендік сөздер .....	252
Сәуегей түс .....	183	Шілдехана .....	253
Сөрел .....	187	Ырым сөздер.....	254
Суырыпсалма, импровизация ..	188	Эпизод.....	254
Сыңсу .....	190	Эпос. Эпостық жырлар.....	255
Сюжет .....	192		
Тапсырушы .....	197		
Тарихи жыр .....	198		
Тарихи мектеп .....	200	<b>Пайдаланылған әдебиеттер ...</b>	<b>262</b>
Тарихи өлең .....	202	<b>Резюме .....</b>	<b>264</b>
Тарихи-типологиялық тәсіл .....	203	<b>Summary .....</b>	<b>267</b>



*Научное издание*

**ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ ФОЛЬКЛОРИСТИКИ**  
*(на казахском языке)*

Утверждено к печати  
Ученым советом Института литературы и искусства  
им. М.О. Ауэзова

Корректор Н. Батыр  
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 18.11.2020 ж. қол қойылды.  
Қаріп түрі «Cambria». Пішімі 60x90<sup>1</sup>/16. Офсеттік басылым.  
Көлемі 17 б.т. Таралымы 100 дана.